

FTAMP 17.82.30

Б.Д. Керімбекова¹, Н.Е. Мубарак²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақала тақырыбының өзектілігі - Асқар Алтай шығармаларындағы тәуелсіздік идеясының жан-жақты қарастырылуы. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік қызметін анықтау үшін Асқар Алтай шығармаларын жан-жақты талдап, прозадағы маңызын айқындай түседі. Қазіргі қазақ прозасында тәуелсіздік идеясы қандай қырымен көрінді, оның мән-маңызы, адам болмысын өз шығармасына арқау еткендегі қызметі қандай болды деген сауалдарға жауап беру үшін салыстыру негізінде ой қорыту болды. Асқар Алтай прозасындағы адам мен қоғамкөріністерін шығарма негізінде талдап көрсетті.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, қоғам, өзгеріс.

Аннотация. Актуальность данной статьи заключается в комплексном рассмотрении идеи независимости в трудах Аскара Алтая. Чтобы определить художественную деятельность казахской прозы в период независимости, анализируется произведения Аскара Алтая и его значение в прозе. В современной казахской прозе идея независимости нашла свое отражение в ее сущности, суть которой заключалась в том, чтобы понять на основе сравнения, чтобы ответить на вопрос о том, какой будет деятельность человека в его творчестве. В прозе Аскара Алтая проанализированы образы человека и общества.

Ключевые слова: независимость общества перемен.

Abstract. This article's key feature is the idea independence being observed from different perspectives in the work of Askar Altay. It is important to discuss and analyze his work in order to understand the significance of Kazakh prose in the years of gaining independence. To what extent Askar Altay is devoted to his creation and what role the independence has: all this can be answered by analyzing his work. Askar Altay has left the invaluable work about the relationship of the individual and the society and has pointed out important things as well.

Keywords: Independence, society, change.

Қазақ прозасы тәуелсіздік жылдары біздің елімізге бірқатар өзгерістер мен жаңа идея әкеліп, прозаны тағы біржоғары сатыға көтерді. Тәуелсіздік жазушыларымызға ең алдымен сөз бостандығын әкелді. Сөз бостандығы арқылы қазақ жазушылары кеңестік кезеңде орын алған оқиғаларды пысықтап, ой қорытып, астарлы ой мен өткір тіл арқылы өз пікірлерін еркін, кеңінен тарқата білді. «Тәуелсіздікті баянды ету-оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекетіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай күрделі өткелден, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді...», - деп Нұрсұлтан Назарбаев айтып өткендей тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмегені ақиқат. Сол үшін де тәуелсіздік бізге қастерлі ұғым. Саяси құндылық мәніне ие болған бұл ұғым әр азаматтың жүрек түкпірінен орын алып, өмірлік маңызы бар мағыналылыққа ие болғаны шындық. Жалпы қазақ әдебиеті дамуының қай кезеңін алсақ та, проза өзіндік ерекшелігі бар жанр ретінде қаралып келеді.

Қазіргі прозалық туындылар адам мен қоғам, әлем мен адам арасындағы қарым-қатынасқа, адам болмысының мәнін, өмірдегі орнын бағамдауға байланысты экзистенциялық дүниетаным шеңбері кең, өмірдің мәнін философиялық тұрғыдан түсінетін кейіпкерлерді өмірге әкелді.

Тәуелсіздік прозасының сюжет құру ерекшеліктерін қарастыратын болсақ дәстүрлі прозаға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Жаңа заманға сай жаңа адамдардың типі пайда болды. Нарықтық қатынастарға көшубарысында түрлі қиыншылықтарды басымыздан кешірдік. Осындай түбірлі өзгерістер көптеген қазақ қаламгерлерінің қиялына қанат бітіріп, шабытына шабыт қосты. Оны осы кезеңде жарық көрген қазақ әңгімелерінен анық аңғаруға болады. Атап айтар болсақ, Нұрғали Ораз, Думан Рамазан, Асқар Алтай, Қуандық Түменбай, Роза Мұқанова, Мадина Омарова, Аягүл Мантай т.б. жазушылар [1. 86]. Бұл мақаламызда қазіргі таңда өзіндік ізденісімен көптеген орта буын өкілдерінің алдында есімі аталып жүрген жазушы Асқар Алтайдың тәуелсіздік бейнесін бейнелеудегі суреткерлік болмысы, қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан қаламгер жайлы болмақ. Қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерінің бірі-жазушының шығармашылық ерекшелігін зерттеу болып табылады. Қай заманды алып қарасақ та, қаламгерлеріміз уақытпен үндесіп, заманға үн қосып отыруды басты борышы санаған.

Қазіргі қазақ прозасының қаламгерлері адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты, адам болмысының мәнін айқындайтын дүниетанымдық шеңбері кең кейіпкерлерді өмірге әкеле бастады. Асқар Алтай-қысқа жазудың шебері. Ал, «Шеберлік» дегеніміздің өзі- тар шеңберде алғанда, адам бейнесі, табиғат көрінісі, қимыл, іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдар жасау үшін қажетті сөздерді талғап, ұқыптылықпен қолдана білу [2. 47].

Жазушы шеберлігі, екі беттік оқиғаны екі ауыз сөзбен көз алдыға алып келеді. Бір қызығы, Асқар Алтайдың әңгімесін, повестерін, оқыған

сайын қызығушылығың артып одан әрі оқығың келеді. Мысалы, «Казино», «Қызыл бөлтірік», «Алтай новелласы», «Қыр мен қала хикаялары». Әр шығармасының құрылымы ерекше, оқып отырып кейіпкерге жақындай түсесің. Жазушы шығармаларында бүгінгі белең алған оқиғалар мен адамдардың болмыс-бітімін, күнде өзгеріп жатқан қоғамның жиіркенішті бейнесін терең тұрғыдан ашып көрсетеді. Оқиға барысында өрбіген кейіпкер бейнесі мен мінездері оқырманды түпсіз тереңге жетелеп, өз басынан өткеріп, он екі мүшесімен сезіндіріп, түсініксіз бір күйге түсіреді. Бұл жазушының өзіндік ерекшелігі. Сонысымен тартымды, оқырманға ыстық.

Асқар Алтай-аз сөзге көп мағына үстеп, оқырманды өзіне магниттей тартып, екінші мәрте кете алмайтындай байлап қоятын сиқырлы күш иесі. Жазушы шығармаларының тақырыбы мен идеясы адам мен қоғам мәселесіне құралған. Шығармаларының тақырыптары оқырманды жіпсіз байлап, көрген көзге оттай басыларлықтай ерекше қысқа, тақырыптың өзі сөйлеп тұрғандай әсер етеді. Мысалы, «Казино», «Мәйіт», «Түсік», «Кентавр», «Лайбаран», «Дық» т.б. әңгімелерінің атауы бір көргеннен қызық, күрделі.

Бүгінде қазақ оқырмандары қазақ әдебиетін оқуды қойып, шетел әдебиетіндегі психология, маркетинг, өзін-өзі дамытуға арналған түрлі мотивациялық кітаптарға қызығушылық білдіріп жатқаны жасырын емес. Сол себепті оқырмандардың қазақ прозасына деген қызығушылығы төмендеп, жастар шетел әдебиетімен сусындай бастағаны рас. Ол жастардың дүниетанымына, психологиясына, мәдениетіне әсер етеді.

Сондықтан жастарымызды қазақ прозасына қайтадан бет бұрғызу үшін жаңа тақырыптағы, айтар ойы бар, өзінің жаңа кейіпкерлерімен ерекшеленетін, қазақ қоғамының аяғынан тартар өзекті мәселелері көтерілген шығармалар ауадай қажет. Осындай шығармалардың иесі - Асқар Алтай.

Әдеби шығарма туралы әңгімені тақырыптан бастаған жөн. Өйткені тақырып-өнер туындысының іргетасы. Үйдің қабырғасын салып, төбесін жаппас бұрын іргетасы қаланатыны секілді, көркем шығарманың туу процесі де тақырыптан басталатыны даусыз. «Бәрінен бұрын тақырып пайда болады», - дейді Валентин Катаев. Тақырып пайда болғаннан кейін жазушыны азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып, тұтаса береді.

Сөйтіп, осы айтылғандарды әдебиет теориясының тіліне салсақ, жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік [3.161].

Асқар Алтай шығармаларының тақырыптық ерекшелігіне тоқталсақ:

«Түлен түртті пендені...

Түсінде түсік көрді. Түсік — түсік емес, түсікке айналған мұның өзі.» [3.124], - деп басталтын «Түсік» әңгімесінің тақырыбы-адам баласының өзіне-өзі өз қолымен жасап жатқан қиянаты, трагедиясы. Әйелінің арқасында балқып-шалқып жүрген Байболдың құдай қосқан жарының да, нақсүйерінің де бойына бала бітеді. Не істерін білмеген Байбол екеуінен де түсік жасатуын сұрайды.

Бүгінде қоғамымызда тастанды бала мен түсік жасату көбейіп бара жатыр. «Түсік» (Аборт) деген сөз қазақ ұғымына жат болғанымен, тіршілігімізге әлдеқашан сіңіп кеткен. Ата-аналар кейде жалған намысқа салынып, байқаусызда қателікке ұрынған қыздарын кеудеден итермей, жұбаныш болып, дұрыс бағыт-бағдар бергенінде бәлкім бұлай болмас па еді?! Автор тасбауыр әкеден безбүйрек бала туады деген ойды меңзеп қазіргі қоғамның ащы шындығын айқын жеткізе білген.

«Тәңірім бірақ түсік емес, тастандыдан сақтасын! Әйтеуір, тастанды емес — түсік... Оған да тәуба! Айы-күні жетіп туған тастанды болса қайтер еді?!

Дәл осы тақырыпта қалам тербеген Асқар Алтайдан басқа жазушы жоқ десек қателеспейміз. Бұл-ешкім қозғай қоймаған тың тақырыпты қозғап, бүгінгі қоғамымыздың бет-пердесін шешіп берген қаламгердің шеберлігі. Қаламгер неғұрлым қоғам жанының жарасын тырнайтын тақырыпты көтерсе соғұрлым шығарма өзекті болмақ. Себебі, жазушы шығарма жазуы мүмкін, алайда кез-келген шығарма жүректен шығып, қоғамда белең алып жатқан өзекті мәселені көтере бермейтіні анық.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері қазақ прозасында түрлі тақырыпта тың дүниелер жазылып жатыр. Олардың кейбірінің мазмұны бір-біріне ұқсас. Қалай десек те тәуелсіздік біздің сөздік қорымызды біршама толықтырды. Соның ішінде ең көп қолданыстағы сөздердің бірі – «Бомж», «Прописка». Қай қалаға барсаң да баспанасыз тентіреп жүрген халық. Үйсіз-күйсіз жүрген қаңғыбастарды қоғамның - бомж деп атайтынын сіз жақсы білесіз. Қоғамымызды шетінен кеміріп жатқан мәселе Асқар Алтай шығармашылығын да айналып кетпеді.

«Аға-жеңгесі бірақ сыртқа теппес. Бауыры зой. Басына іс түсіп келеді зой, басқа қайда барады? Қаны емес пе?! Қайдам, ондай қылық танытуы да ғажап емес. Қазір екі туып, бір қалғанына да қиғаш қарайтын болып кетті зой. Егер ауырсынып жатса, ең көбі бір кластасының үйінде пәтерге тұрар. Ер жігітке сол да сын болып па. Ең бастысы — паспортқа “пропискаға” отырып, бес жүз сом ақша тауып, Алматыға қайту.»

Бұл әңгімеде Арқат атты жігіттің әскерден келіп, Алматыда еш жерге жұмысқа орналаса алмай, үйсіз-күйсіз жүруі сөз болады. Алайда бұл жеке бастың қайғысы емес, бүкіл қазақ қоғамының басына түскен ауыртпалықты таңбалайды. Арқат қалаға пропискаға отыру үшін төрт ай

қаңғиды. Ал қала қазақ баласына өгей шешеден бетер. Оңайлықпен ешкім пропискаға отырғызбасы анық. Бұл қазіргі қоғамның әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан індеті. Ащы болсада қазақ қоғамындағы шындық.

Асқар Алтай шығармаларынан дүние мен болмысты өзіндік өрнегімен кестелеген, жүрекке дөп түсетін мазмұнды ойларымен, түйінді байламын көресіз.

Қорыта айтқанда, еліміздегі тәуелсіздік идеясының ашылуына өз үлесін проза жанры арқылы қосып жүрген Асқар Алтай шығармашылығы қандай тақырыпқа қалам тербесе де үлкен жауапкершілікпен, талғампаздықпен қарайтын жазушы екендігін байқаймыз. Осы арқылы жазушының әрбір шығармаларынан үлкен ой түйеміз. Автордың болашақта көркем әдебиетті сүйіп оқитын қазақ оқырмандарына әлі талай сүбелі шығармалар қосатынына сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Сейсембай Т.Т. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі. – Қостанай. – 86 б.
- 2 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық, 3-ші басылым. – Алматы: Дәуір, 2005. – 256 б.
- 3 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Санат, 2007. – 385 б.
- 4 Алтай А. Казино. Абсурд әлем новеллалары. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.